

ҚМГ-ДЕГІ "ЖАСЫЛ КЕҢСЕ" ҚАҒИДАТТАРЫ

"Жасыл кеңсе" қағидаттары барлық ресурстарды үнемді тұтырудан және қоршаған ортаға қамқорлық көрсетуден тұрады. ҚМГ "Жасыл кеңсе" талаптарын енгізу бойынша жұмыс жүргізуде, олар жұмыс жағдайын үнемі жақсарту, жайлылық, еңбек өнімділігін арттыру, дизайн және сәулет, көгалдандыру, тұрғын ортаның сапасы, демалыс үшін мүмкіндіктер іс-шараларын қамтиды.

Бүгінгі таңда келесі іс-шаралар енгізілді:

- ◆ қағаз, пластик, әйнек және металл қалдықтарын бөлек жинауға арналған кабинеттерде, дәліздерде, фойеде, паркінкте экоурна орнату;
- ◆ әр айдың қорытындысы бойынша қалдықтарды бөлек жинау жөніндегі бейнероликті лифттерде, "Изумрудный" бизнес-орталығының фойесінде орнатылған дисплейлерде жарықтандыру;
- ◆ жұмыс күнінің соңына қарай қызметкерлердің мониторларында компьютерлер мен техниканы ажырату қажеттілігі туралы қалқымалы терезе;
- ◆ ағаш сақтау қажеттілігі туралы ұрандар бар жапсырма, басып шығару көлемін азайту, екіжақты және ақ-қара басып шығаруды пайдалану, құпия ақпараты жоқ жобалардың артында бейресми құжаттарды басып шығару;
- ◆ қызметкерлердің ағзасын дербес компьютерлердің зиянды әсерінен қорғау мақсатында дербес компьютерден бес минут үзіліс жасау мен сағат 11 және 16.30-да жаттығу жасау қажеттілігі туралы қалқымалы терезе;
- ◆ 10:00 және 15:00 сағатта қызметкерлердің мониторларындағы қалқымалы ескерту терезесі "Бетперде тағыңыз. Әлеуметтік қашықтықты сақтаңыз. Қолыңызды жиі жуып, зарарсыздандырыңыз»;
- ◆ ҚМГ қызметкерлері үшін "Экология" тақырыбында 2021 жылға арналған күнтізбе жобасы әзірленді;
- ◆ хабардарлықты және ақпараттылықты арттыру бойынша науқан өткізіледі, "Жасыл кеңсе" тұжырымдамасы бойынша плакаттарды, брошюраларды, бейне және презентацияларды ішкі тарату жүргізіледі;
- ◆ "Жасыл кеңсе" шеңберінде 2020 жылдың қорытындылары бойынша ҚМГ корпоративтік орталығының ғимаратында 920 кг макулатура (оның ішінде ҚМГ — 561 кг), 844 кг пластик (ҚМГ — 555 кг), 32 кг әйнек және 45 кг полиэтилен жиналды, бұл сегіз ағашты кесуден сақтауға, 16 870 л суды, 844 кВт электр энергиясын үнемдеуге



- және CO₂ шығарындыларын 1 434 кг-ға қысқартуға мүмкіндік берді.
- ◆ жаңадан қабылданған қызметкерлерді бейімдеу жөніндегі "Кіріспе нұсқаулық" бағдарламасына кеңседе қалдықтарды бөлек жинауға арналған экоурналар бойынша слайдтар және т. б. қосылды.

МАКУЛАТУРА ТАПСЫРУДАН САҚТАЛҒАН ПЛАНЕТА РЕСУРСТАРЫ



8 АҒАШ

кесуден сақтанды

Су үнемдеу,

16 870 л

844 кВт

Электр энергиясын үнемдеу

1 434 кг.

CO₂ шығарындыларын қысқарту



Қоршаған ортаны қорғау саласындағы басым жобалар

- ◆ Тарихи ластану, сондай-ақ қоршаған ортаға тиетін әсер көздерін жою (бос тұрған ұңғымалар, ағынды су жинақтағыштары, полигондар мен өзге де өндірістік объектілер).
- ◆ Технологиялық шешімдерді жетілдіру жолымен қоршаған ортаға шығарындыларды азайту, мысалы, отын мазутын отын/табиғи газға ауыстыру (технологиялық пештердегі отын ретінде), жаңа буын қосындыларын пайдалану, өндірістік объектілердің аумағын көгалдандыру және абаттандыру, жабдықтарды ауыстыру, газ өңдеу бойынша өндірістік қуаттарды кеңейту, газ өңдеу бойынша қондырғылар салу және т. б.
- ◆ Ластағыш заттарды тастылындыларын қысқарту: «Тазалық» жобасы: АМӨЗ ағынды су тазарту құрылыстарын жаңғырту және «Тухлая балка» буландыру алқаптары қалпына келтіру.
- ◆ "Жасыл кеңсе" қағидаттарын енгізу және экологиялық мәдениет пен хабардарлықты арттыру.